



**БЕКІТІЛГЕН**  
**Нархоз Университеті КЕАҚ**  
**«Экономика және Менеджмент» Мектебінің деканы Гимранова Д**  
**Деканның Т.А.Ж./ қолы / бекітілген күні**

**«Қаржылық менеджмент»**  
(Пәннің коды **FM 4306** )  
**пәні бойынша силлабус (жұмыс оқу бағдарламасы)**

<b>Автор (Оқытушы) (аты жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі, байланыс мәліметтері)</b>	Э.Ғ.М., аға оқытушы Мукаметкалиева Махаббат Аугановна Моб.тел:+7-701 369 85 00 Эл.пошта: makhabbat.mukhametkalieva@narhoz.kz
<b>Семестр/оқу жылы</b>	3 семестр 2022-2023 оқу жылы
<b>Білім беру бағдарламасы / Мамандық</b>	Бакалавриат/ Есеп және аудит ДОТ
<b>Академиялық кредиттер саны/ECTS</b>	5
<b>Пререквизит</b>	VE 1105 - Экономикаға кіріспе
<b>Кеңес беру сағаттары/ office hours</b>	Сәрсенбі сағат 20.00-20.50

## **I. Пәннің қысқаша сипаттамасы, мақсаты мен меңгеру нәтижелері**

**Пәннің қысқаша сипаттамасы** Пән компанияның ақша ағындарын басқару принциптерін игеруге және басқарушылық шешімдер қабылдауға, тиімді қаржылық стратегияларды әзірлеуге және іске асыруға және Компанияның нарықтық құнын арттыру әдістеріне бағытталған. Тақырыптар: қаржылық менеджменттің ерекшеліктері мен ерекшеліктері, заманауи қаржылық менеджменттің стратегиялық функциялары, кәсіпорынның капиталын басқару, ағымдағы операциялық активтерді басқару, қаржылық талдау, компанияның кірістілігіне әсер ететін басқару және операциялық шешімдер, тәуекелдерді басқару және бизнес құнын бағалау. Кейстерді талдау және тапсырманы орындау ұсынылған Bloomberg және Eikon интернет ресурстары мен аналитикасының деректері негізінде жеке және топтарда жүзеге асырылады. Қонақ дәрістеріне компания басшыларын тарту жоспарлануда. Пәнді меңгеру жазбаша түрдегі емтиханмен аяқталады: 2 ашық сұрақ және мәселені шешу.

### **Пәннің мақсаты**

Қаржылық менеджмент мәселелері бойынша терең теориялық білімді қалыптастыру, теорияны операциялық қызметтің, қаржылық және инвестициялық шешімдердің тиімділігін анықтайтын негізгі тәсілдерді, әдістер мен критерийлерді әзірлеу практикасымен байланыстыра білу. Студенттерге қаржыны басқарудың негізгі қағидалары туралы және олардың таңдаған мамандығында қолдануға болатындығы туралы жан- жақты және терең түсінік беру. Бұл оларға базалық қаржыны басқарудағы және олардың таңдаған мамандықпен байланысын қамтамасыз ету үшін жақсы негіз береді.

Аналитикалық дағдылар. Деректер мен ақпаратты жалпылау және талдау. Сыни тұрғыдан түсіну және бағалау. Қаржы нарықтары мен шешімдеріне мұқият талдау жүргізу.

### **Күтілетін оқыту нәтижелері**

ОН 4. Басқару және бизнес саласында кәсіби функцияларды жүзеге асыру үшін менеджменттің, маркетингтің, болашақты болжаудың функционалдық салаларындағы түйінді тұжырымдамаларды, күрделі және жасырын тәуелділіктерді, парадигмалар мен теориялық әзірлемелерді және деректерді талдауды біріктіруге қабілетті

ОН 7. Әлемдік озық практикаларды ескере отырып, бақылауды жүзеге асыра отырып, халықаралық стандарттар мен реттегіш нысандардың талаптарына сәйкестігіне бағалау беруге қабілетті.

ОН 12. Басқарушылық және инвестициялық шешімдерді жобалау мен қабылдаудың заманауи әдістемелерін пайдалана отырып, нарық модельдерін тестілей отырып, активтердің кірістілігін, құбылмалылығын және баға белгілеуін болжамдауға қабілетті

### Оқу пәнінің құрылымы мен мазмұны

II Пәннің күнтізбелік-тақырыптық жоспары					
Өткізу мерзімі (апта)	Дәрістер (дәріс тақырыбы, қажет болған жағдайда өткізу форматы мен технологиясы)	Практикалық сабақтар (практикалық сабақты өткізудің форматы мен технологиясы)	Сағаттар саны		
			Контакт сағат саны	Білім алушының өзіндік жұмысы (БАӨЖ)	
				БАӨЖ	СОӨЖ
1	Тақырып 1. Қаржылық менеджмент негіздері мен тұжырымдамалары	Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына дайындық (ауызша, жазбаша сұрау, пікір талас, тест тапсырмалары).	1		
2	Тақырып 2. Қаржылық менеджмент категориялары	Тақырып бойынша бақылау сұрақтарына дайындық (ауызша, жазбаша сұрау, пікір талас, тест тапсырмалары).	1		
3	Тақырып 3. Портфельді басқарудың заманауи теориялары мен стратегиялары	<b>3-ші аптада Тапсырма 1.</b> Кейс. Қаржы менеджментінің базалық көрсеткіштері формулаларын қолдана отырып қазақстандық компанияның қаржылық есептілігі негізінде есептеп талдау.	1		
4	Тақырып 4. Компания тәуекелдерін бағалау мен басқару. Активтер портфелінің тәуекелін басқару	Тақырып бойынша қазақстандық компанияның қаржылық есептілігі негізінде есептеп талдау	1		
5	Тақырып 5. Активтерді бағалау әдістері мен модельдері	Кейс. Заманауи жағдайды ескере нақты компаниялардың қаржылық менеджментін сипаттау. Міндетті түрде олардың қателіктері мен артықшылықтарын анықтаңыздар. Шешімдер ағашын сызыңыздар (деревя решений).	1		
6	Тақырып 6. Корпорация құны және құндылыққа бейімделген	<b>6 аптада - Тапсырма 2:</b> <b>Аналитикалық талдау.</b> <a href="https://opi.dfo.kz/p">https://opi.dfo.kz/p</a> , сайттарынан отандық компанияның қаржылық	1		

	менеджмент. Компания құнын басқару	есептілігін қолдану арқылы Операциялық және қаржылық тетіктің жиынтық әсерін соңғы 3 жылдағы ақпараттар негізінде талдау. График сызу			
7-8	Тақырып 7. Капитал құны мен құрылымы Қарыз және меншік капиталын тарту саясаты	<b>7 аптада СӨЖ:</b> CANVAS-та өткен тақырыптар бойынша Тест тапсыру	2		
9-10	Тақырып 8. Ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау. Инвестициялық жобаның ақшалай ағынын болжамдау	<b>10 аптада - Тапсырма 3:</b> Кейс. <a href="https://opi.dfo.kz/p">https://opi.dfo.kz/p</a> , kase.kz; сайттарынан отандық компанияның қаржылық есептілігін және сол салада қызмет ететін шетелдік компанияның қаржылық есептілігін қолдана аналитикалық талдау негізінде капиталды басқару бойынша ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау. Ұсыныстар жасау.	2		
11-12	Тақырып 9. Инвестициялық жобаларды бағалау әдістері.	Ағымдағы активтерді басқару бойынша есептер мен кейстер шығару	2		
13	Тақырып 10. Жоба тәуекелін талдау. Күрделі салымдар бюджетін оңтайландыру	<b>13 аптада - Тапсырма 4:</b> Аналитикалық жазба. <a href="https://opi.dfo.kz/p">https://opi.dfo.kz/p</a> немесе kase.kz; сайттарынан отандық компанияның қаржылық есептілігін қолдана отырып компанияның құнын есептеп талдау <b>14 аптада СӨЖ:</b> CANVAS-та өткен тақырыптар бойынша Тест тапсыру	1		
Барлығы			30		

## II. II БАӨЖ өткізу Кестесі

Тапсырма атауы	Тапсырманың қысқаша мазмұны	Аяқтау формасы	Оқытушыға ұсынылу мерзімі*
<b>Тапсырма 1.</b>	<b>3-ші аптада Тапсырма 1.</b> Кейс. Қаржы менеджментінің базалық көрсеткіштері формулаларын қолдана отырып қазақстандық компанияның қаржылық есептілігі негізінде есептеп талдау.	Аналитикалық жазба	3-ші апта
<b>Тапсырма 2.</b>	<b>6 аптада - Тапсырма 2:</b> <b>Аналитикалық талдау.</b> <a href="https://opi.dfo.kz/p">https://opi.dfo.kz/p</a> , kase.kz;	Аналитикалық жазба	6-шы апта

	сайттарынан отандық компанияның қаржылық есептілігін қолдану арқылы Операциялық және қаржылық тетіктің жиынтық әсерін соңғы 3 жылдағы ақпараттар негізінде талдау. График сызу		
<b>СӨЖ 1</b>	<b>7 аптада СӨЖ:</b> CANVAS-та өткен тақырыптар бойынша Тест тапсыру	ТЕСТ	7-ші апта
<b>Тапсырма 3:</b>	<b>10 аптада - Тапсырма 3:</b> Кейс. <a href="https://opi.dfo.kz/p,kase.kz">https://opi.dfo.kz/p,kase.kz</a> ; сайттарынан отандық компанияның қаржылық есептілігін және сол салада қызмет ететін шетелдік компанияның қаржылық есептілігін қолдана аналитикалық талдау негізінде капиталды басқару бойынша ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау. Ұсыныстар жасау.	Аналитикалық жазба	9-шы апта
<b>Тапсырма 4:</b>	<b>13 аптада - Тапсырма 4:</b> Аналитикалық жазба. <a href="https://opi.dfo.kz/p">https://opi.dfo.kz/p</a> немесе <a href="https://opi.dfo.kz/p">kase.kz</a> ; сайттарынан отандық компанияның қаржылық есептілігін қолдана отырып компанияның құнын есептеп талдау	Аналитикалық жазба	11-ші апта
<b>СӨЖ 2</b>	<b>14 аптада СӨЖ:</b> CANVAS-та өткен тақырыптар бойынша Тест тапсыру	ТЕСТ	<b>14-ші апта</b>
<p>Тапсырмалар студенттермен қорғалуы тиіс.  <a href="https://canvas.narxoz.kz/">https://canvas.narxoz.kz/</a> -қа жүктелетін тапсырмалар плагиатқа қарсы бағдарламадан өтуі тиіс  Ерекшелік белгішесінде көрсетілген пайыз жұмыс TURNITIN-де плагиатқа қарсы өтті дегенді білдірмейді.  "Қызыл жалауша" және одан төменгі белгілер бойынша егжей-тегжейлі есепті ескеру маңызды  Егер плагиатқа қарсы нәтижелер академиялық саясат талаптарына сәйкес келмесе, студенттердің жұмысына жол берілмеуі және "нөл" бағасы қойылуы мүмкін.</p>			

### III. Білім беру технологиялары

Электрондық мультимедиялық оқулықтар мен оқу құралдарын қолдана отырып қашықтықтан оқыту технологиясы. Электрондық оқыту құралдарын пайдалану, "ми шабуылы", кейс-әдіс,

### IV. Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау

<b>IV.I Үлгерімді ағымдық бақылау -САБ (қорытынды бағалаудың 60% )</b>			
Мер	Бақылау формасы	САБ	Оқыту нәтижелері

зімі (апта )		бағалаудағы тапсырманың үлес салмағы, %	
3	Тапсырма 1	30%	Капитал нарығының құрылымын (ақша нарығы; депозиттік нарық; несие нарығы; валюта нарығы; бағалы қағаздар нарығы; зейнетақы нарығы; сақтандыру нарығы) ажырата білу, ақпараттарды талдау дағдысына ие болу.
6	Тапсырма 2	30%	бизнес және басқару саласында кәсіби функцияларды жүзеге асыра отырып, тиісті цифрлық технологияларды, құралдар мен теорияларды пайдалана алады
1-7	СӨЖ : Тест тапсыру	30%	ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін қаржылық және басқару ақпаратын талдауға және ұсынуға қабілетті.
8	Белсенділік үшін бонус	10%	Корпоративтік – әлеуметтік жауапкершілік принциптерін және этикалық салдарды ұстану
<b>8</b>	<b>САБ 1 (барлығы 100%)</b>		
10	Тапсырма 3	25%	академиялық адалдықты ескере отырып, әртүрлі аналитикалық әдістерді пайдалана отырып, өзекті ақпаратты талдай отырып, шешімдер қабылдауға және олардың салдарын бағалауға қабілетті
13	Тапсырма 4	25%	әртүрлі аналитикалық әдістерді пайдалана отырып, өзекті ақпаратты талдай отырып, шешімдер қабылдауға және олардың салдарын бағалауға қабілетті
14	СӨЖ : Тест тапсыру	30%	ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін қаржылық және басқару ақпаратын талдауға және ұсынуға қабілетті.
15	Белсенділік үшін бонус	10%	Корпоративтік – әлеуметтік жауапкершілік принциптерін және этикалық салдарды ұстану
<b>15</b>	<b>САБ 2 (барлығы 100%)</b>		
<b>IV.ІІ Үлгерімді қорытынды бақылау - емтихан (қорытынды бағалаудың 40%)</b>			
Емтиханды өткізу формасы	Өткізу форматының қысқаша сипаттамасы	Бағалау критерийлері	
жазбаша	Емтихан билеттері бойынша Емтихан тапсырушы 3 сұрақтан тұратын билетке жауап беруі тиіс. Сұрақтар теориялық тұрғыда болады	Әр сұрақ бойынша жауап 0-100 балл аралығында бағаланады Емтихан бойынша баға орташа салмақты әдіс бойынша есептеледі Мысалы: 1 сұрақ жауабына – 60 балл; 2 сұрақ жауабына - 85 балл; 3 сұрақ жауабына -75 балл Емтихан бағасы $(60+85+75)/3 = 73$ балл	

## V. Ресурстар

### Негізгі:

1. Финансовый менеджмент. Бригхем Ю., Эрхардт М., Питер, 10-е издание, 2010 г. - 960с. Фонд библиотеки НАО «Нархоз»
2. Финансовый менеджмент и управленческий учет для руководителей и бизнесменов / П Этрилл, Э. Маклейни ; пер. с англ. В. Ионов. - 4-е изд. - Электрон. текстовые дан. (54,2 Мб). - М. : Альпина Паблишер, 2017. - 648 с. Фонд библиотеки НАО «Нархоз»
3. Москвитин, Г.И. Финансовый менеджмент: технологии, методы, контроль / Г.И. Москвитин. - М.: Русайнс, 2019. - 320 с.

### **Қосымша:**

1. А.К. Тургулова, Р. Амирканов, А.Б. Ахинов. Қаржылық менеджмент. Оқу құралы.– Алматы: Экономика, 2014. – 334 б.
2. Төлебаев Ж.С., Сыздықова К.Ш. Қаржылық менеджмент: Дәрістік топтама. – Алматы:Эверо, 2014. – 196
3. Мадиярова Э.С. Қаржылық менеджмент: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2012. –272 бет.
4. Купешова Б.Қ. Фирмалар қаржысы. Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 2015. –286 б.
5. Өсербайұлы С.Ө., Ахметов Ә.А., Қанағатов А.М.. Қаржы менеджменті: практикум: электронды кітап / Алматы: Қазақ ун-ті, 2011.
6. Donald R. Chambers, CAIA Keith H. Black, CFA, CAIA Nelson J. Lacey, CFA Alternative Investments: A Primer for Investment Professionals, CFA Institute Research Foundation, 2018. - 183 p.
7. Брейли Р., Майерс С. Принципы корпоративных финансов.– М.: Олимп-Бизнес, 7-е изд. 2016 г., 1008 с. // Электронный каталог (см. в ИРБИС БД IBIS). Principles of Corporate Finance/Richard A. Brealey, Stewart C. Myers, Franklin Allen, Pitabas Mohanty/12 edition, McGraw-Hill Education, 2018 г., 1026 p. Фонд библиотеки НАО «Нархоз»
8. Боголюбов В. С. Финансовый менеджмент в туризме и гостиничном хозяйстве. Учебник для СПО. — М.: Юрайт. 2020. 294 с.
9. Сысоева Е. Ф., Барабанов А. И., Гаврилова А. Н. Финансовый менеджмент. Учебное пособие. — М.: КноРус. 2020. 498 с.

### **Программалық жабдықтау**

1. Microsoft Word
2. EXELL
3. Power Point

### **Интернет ресурстар**

1. <https://www.coursera.org/learn/osnovy-korporativnykh-finansov>
2. <https://opi.dfo.kz/p, kase.kz;>
3. [www.cfin.ru](http://www.cfin.ru) – Корпоративный менеджмент, журнал
4. YouTube
5. <https://narхоз.edu.kz/library>
6. <https://kahoot.it/>

### **Кәсіби деректер базасы**

1. Bloomberg.com Bloomberg database
2. YahooFinance.com
3. Научная электронная библиотека eLibrary. <http://elibrary.ru>
4. База данных субъектов предпринимательства и их отчетов о платежеспособности// <https://www.dfo.kz/>
5. Казахстанская фондовая биржа//<https://kase.kz>
6. База данных Bloomberg <https://www.bloomberg.com>
7. Универсальный источник информации для трейдеров и инвесторов <https://ru.investing.com/>
8. Министерство финансов Республики Казахстан //<http://www.minfin.gov.kz>
9. Национальный банк Республики Казахстан <https://bsbnb.nationalbank.kz/>
10. Министерство национальной экономики Республики Казахстан// <https://www.gov.kz/>
11. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы// <https://www.stat.gov.kz/>

## **VI. Білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі**

### **Пән бойынша бағалау талаптары:**

- Барлық тапсырмалар белгіленген мерзімде тапсырылады.

- Әрбір тапсырманың толық түсіндірмесі қосымша жіберіледі.
- Негізгі жұмыс топта орындалады.
- Әрбір студент келесідей баға алады:

Белсенділік\*\* үшін САБ-ға кіретін Апта қорытындысы бойынша қойылатын және әрбір САБ 1 және САБ 2 соңында 10% - ға көбейтілетін балдар

Практикалық\* сабақтар үшін бағалар әр САБ 1 және САБ 2 соңында 60% - ға қосылады және көбейтіледі

№1-4 тапсырмалар бойынша бағалар 0-100 балдар аралығында бағаланады және тапсырмаларға тиісті %-ына көбейтіледі (жоғарыдағы білімді бақылау нысандарының кестесін қараңыз)

### Қорытынды емтиханға жіберу рейтингін бағалау

Сабаққа себепсіз қатыспау 20% асқан жағдайда, студент оқудан шығарылады.

Білім алушының үлгерімі ағымдағы бақылау бағасы, яғни үлгерімді семестраралық бақылау бағасы негізінде қорытынды емтиханға жіберу бағасы қалыптасады.

Жіберу рейтингін бағалау бірінші және екінші рейтинг бағасынан қалыптасады (1САБ және 2САБ), олардың әрқайсысы 100 балмен есептеліп, 2-ге бөлінеді.

Жіберу бағасы балдық-рейтингтік жүйе бойынша 50 балдан аз болған жағдайда білім алушы ағымдағы академиялық мерзім ішінде қорытынды емтиханды тапсыруға жіберілмейді.

### Емтихан бойынша бағалау шарттары:

Емтихан тапсырушы 3 сұрақтан тұратын билетке жауап беруі тиіс.

1,2 сұрақтар теориялық тұрғыда

3 сұрақ есеп шығару

Әр сұрақ бойынша жауап 0-100 балл аралығында бағаланады

Емтихан бойынша баға орташа салмақты әдіс бойынша есептеледі

Мысалы: 1 сұрақ жауабына – 60 балл; 2 сұрақ жауабына -85 балл; 3 сұрақ жауабына -75 балл

Емтихан бағасы  $(60+85+75)/3 = 73$  балл

### Пән бойынша қорытынды бағалау

САБ 1	30%
САБ 2	30%
Емтихан / жазбаша	40%
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>100%</b>

Пән бойынша қорытынды бағалау ағымдық үлгерім бағасынан және қорытынды бақылаудан (емтихан бағасынан) тұрады. Ағымдық үлгерім бағасының үлесі қорытынды бағаның 40%-ын құрайды. Қорытынды бақылау бағасы пән бойынша қорытынды бағаның 60%-ын құрайды.

Пән бойынша қорытынды баға мынадай пайыздық көрсеткіш формуласымен анықталады:

$$Қ\% = (1САБ + 2САБ) / 2 \times 0.6 + E \times 0.4$$

мұндағы:

1САБ - 1-рейтинг бағасының пайыздық көрсеткіші;

2САБ - 2-рейтинг бағасының пайыздық көрсеткіші

E - емтихан бағасының пайыздық көрсеткіші.

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдың сандық баламасы	Балл (%-қ үлес)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
А	4,0	95-100	Өте жақсы

A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

### **VII. Академиялық мінез-құлық саясаты (академиялық әділдік қағидаларын қоса)**

- Сабақ үстінде телефонды қолдануға (сөйлесу, тексттік хабарлама, ойын және т.б.) тиым салынады. Осы саясатты бұзған студенттер бір (1) ескерту алады. Екінші рет тәртіп бұзу студенттің сабаққа қатыспағаны туралы белгі қоюға әкеледі.
- Сабақ үстінде сабақтың мақсатына қатыссыз кез келген электрондық құралдарды (ноутбук, iPad, т.б.) пайдалануға тиым салынады. Осы саясатты бұзған студенттер бір (1) ескерту алады. Екінші рет тәртіп бұзу студенттің сабаққа қатыспағаны туралы белгі қоюға әкеледі.
- Студенттер сабақтың тақырыбын топ ішінде зерттеп талқылай алады. Студенттер өз топтастарынан «кенес алуға және беруге» құқылы. Бірақ мұндай өзара әріптестік, бір студентте басқа орындалған толық жұмыстың немесе оның бір бөлігінің бар екендігін білдірмейді, яғни электрондық пошта, файл қосымшалары, қатты диск, экранның суреті, басылып шығарылған беттер және т.б.
- Студенттер Нархоз университетінде қабылданған Әдеп Кодексін сақтауы тиіс.
- Плагиаттың барлық түрлеріне қатаң тиым салынады.
- Егер студент бұл талаптарды сақтамаса, оқытушы нақты тапсырмаға немесе пәнге, тапсырманың түріне және орын алған жағдайға қарай «F» бағасын қоялады.
- Студенттер Әдеп Кодексінде жазылған «Академиялық шыншылдық саясаты»мен танысуы тиіс

### **VIII. Қосымша ақпарат**

1. Курс координаторы осы силлабустың кез келген бөлігін пәнді оқыту кезінде өзгертуге құқылы.
2. Кез келген өзгеріс электрондық пошта арқылы жіберіледі.
3. Студенттер барлық дәрістерге, тәжірибелік/ лабораториялық сабақтарға қатысуы тиіс. Сабаққа себепсіз қатыспау сабаққа қатысу баллының 3 (үш) баллын шегеруге негіз болады. Сабаққа себеппен қатыспау бір сабақтан ұзақ емес уақыт ішінде күні көрсетілген және мөрі басылған құжатпен куәландырылуы тиіс.
4. сабақтан барлық сабақ санының 20 пайызынан асатын уақытқа себепсіз қалу «F» бағасын қоюға негіз болады.
5. Сабаққа алдын ала дайындалу аса маңызды, ол үшін пән материалдарымен және әдебиеттермен танысу қажет. Пәндер интерактивті, ол курс материалдарын түсінуді және білуді талап етеді. Осылайша, әрбір студент дәріс/тәжірибе/лабораториялық сабақтарға кесте бойынша дайындалуға жауапты. Сабақ барысында оқыңыз, ойланыңыз және пікір алмасуға үлес қосыңыз.

<b>Құрастырушы: Мукаметкалиева М.А.</b>	Қолы
---	------



<b>Силлабус « _____ » Мектебінің сапаны қамтамасыз ету Комиссиясының отырысында мақұлданған хаттама № __ « _____ » _____ 202__ жыл</b>	<b>Қолы (сапаны қамтамасыз ету комиссиясының Төрағасы(Төрайымы))</b>
--	--